

**Кейбір кедендік режимдерге орналастырылатын немесе жекелеген кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған жекелеген тауарлардың тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі N 538 қаулысы Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

тауарларды кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыру кезінде тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялардың нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің шығу мерзімдері мен міндетті көлемін Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Индустрия және сауда министрлігі белгілейтін жекелеген тауарлардың тізбесі; < \* >

кедендік аумақтан тысқары жерлерде қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыру кезінде тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялардың нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің шығу мерзімдері мен міндетті көлемін Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Индустрия және сауда министрлігі белгілейтін жекелеген тауарлардың тізбесі; < \* >

кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған жекелеген тауарлардың тізбесі;

кедендік бақылаумен қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған жекелеген тауарлардың тізбесі;

еркін кеден аумағына орналастыруға тыйым салынған жекелеген тауарлардың тізбесі;

жоюдың кедендік режиміне орналастыруға жол берілетін, бұйымдар немесе материалдар ретінде пайдаланылатын жекелеген тауарлардың тізбесі бекітілсін.

*Ескерту. 1-бап өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.11. N 232 қаулысымен.*

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап отыз күннен кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 8 сәуірдегі  
N 538 қаулысымен  
бекітілген

**Тауарларды кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыру кезінде тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялардың нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің шығу мерзімдері мен міндетті көлемін Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Индустрия және сауда министрлігі белгілейтін жекелеген тауарлардың тізбесі <\*>**

*Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.11. N 232 қаулысымен.*

Тауардың атауы	СЭҚ ТН бойынша тауардың коды
1. Түсті және қара металдар, қорытпалар, түсті металдардың (қорғасын, мырыш және мыс) концентраттары, қалдықтар және сынықтар	7201-7206, 7218, 7224, 7401-7404 00, 7601, 760200, 7801, 780200000, 7901, 790200000, 8001, 800200000
2. Қант шикізаты	1701
3. Қымбат бағалы металдар; қымбат бағалы металдар жалатылған металдар; қымбат бағалы металдардың кендері және концентраттары	2616, 2843, 7106-7112
4. Асыл және жартылай асыл тастар	7101, 7102, 7103, 7105
5. Сирек, жерде сирек кездесетін металдар, оларды өндіруге арналған шикізаттар, қорытпалар, олардың қалдықтары мен сынықтары	261100000, 2613-2615, 2804, 280540100, 282530000, 282619000, 284170000, 2846, 8101, 8112, 8103, 8105, 810600, 8108, 8109, 811300
6. Ядролық материалдар, арнаулы ядролық емес материалдар, радиоактивті қалдықтарды қоса алғанда, радиоактивті сәулелену көздері	2612, 2844, 2845, 380110000 -нан (тек ядролық-таза графит)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 8 сәуірдегі  
N 538 қаулысымен  
бекітілген

**Кедендік аумақтан тысқары жерлерде қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыру кезінде тауарларды қайта өңдеу жөніндегі**

**перациялардың нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің шығу мерзімдері мен міндетті көлемін Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Индустрия және сауда министрлігі белгілейтін жекелеген тауарлардың тізбесі**

*Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.11. N 232 қаулысымен.*

Тауардың атауы	СЭҚ ТН бойынша тауардың коды
1. Шикі мұнай мен битуминозды минералдардан алынған шикі мұнай өнімдері	2709 00
2. Түсті және қара металдар, қорытпалар, түсті металдардың (қорғасынның, мырыштың және мыстың) концентраттары, қалдықтар мен сынықтар	7201-7206, 7218, 7224, 7401-7404 00, 7601, 760200, 7801, 780200000, 7901, 790200000, 8001, 800200000
3. Қымбат бағалы металдар; қымбат бағалы металдар және металдардың кендері және концентраттары	2616, 2843, 7106-7112
4. Асыл және жартылай асыл тастар	7101, 7102, 7103, 7105
5. Сирек, жерде сирек кездесетін металдар, оларды өндіруге арналған шикізаттар, қорытпалар, олардың қалдықтары мен сынықтары	261100000, 2613-2615, 2804, 280540100, 282530000, 282619000, 284170000, 2846, 8101, 8112, 8103, 8105, 810600, 8108, 8109, 811300
6. Ядролық материалдар, арнаулы ядролық емес материалдар, радиоактивті қалдықтарды қоса алғанда, сәулелену көздері	2612, 2844, 2845, 380110000 -нан (тек ядролық-таза графит) радиоактивті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 8 сәуірдегі  
N 538 қаулысымен  
бекітілген

**Кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі**

Тауардың атауы	СЭҚ ТН бойынша тауардың коды
1. Спирттің барлық түрлері	2207, 220890910, 220890990

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 8 сәуірдегі

№ 538 қаулысымен

бекітілген

**Кедендік бақылаумен қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі**

**Тауардың атауы СЭҚ ТН бойынша тауардың коды**

1. Спирттің барлық түрлері 2207, 220890910, 220890990
2. Темекі шикізаты 2401

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 8 сәуірдегі

№ 538 қаулысымен

бекітілген

**Еркін кеден аумағының кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған жекелеген тауарлардың тізбесі**

**Тауардың атауы СЭҚ ТН бойынша тауардың коды**

1. Спирттің барлық түрлері 2207, 220890910, 220890990

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 8 сәуірдегі

№ 538 қаулысымен

бекітілген

**Жоюдың кедендік режиміне орналастыруға жол берілетін, бұйымдар немесе материалдар ретінде пайдаланылатын тауарлардың тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға жарамсыз деп танылған дәрілік құралдар мен тағам өнімдері.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмейтін және оларды пайдалану кезінде адамға және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін бұйымдар.